



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

жағдайларын анықтау және жоюға бағытталған, әлеуметтік топтарға әсер ету үшін арнайы дайындықты талап ететін әдістер мен құралдарды қолдануды білдіреді.

Қылмыстық саясаттың бағыты ретінде қылмыстылықтан сақтандыруды сақтандыру объектісінен, субъектілердің сақтандырушы әсер етуінің негізгі деңгейі, нысандары, шараларынан тұратын элементтер жүйесі ретінде қарастыруымызға болады.

Сонымен, жоғарыда баяндалғандарды қорыта келе:

- қылмыстылықтан сақтандыру – қылмыстылықты туындататын себептерді анықтау және жою үшін, заңмен қарастырылған жалпы әлеуметтік және арнайы шаралардың жүйесін жүзге асыруға байланысты қылмыстық саясат субъектілерінің қызметін қамтитын қылмыстық саясаттың мақсаты және бағыты болып табылады.

- қылмыстықтан сақтандыру мемлекеттің қылмыстық саясатының стратегиялық ұстанымы, негізгі тұжырымдамасы болуы қажет.

- қылмыстылықтан сақтандырудың негізгі бағыттары: қылмыстықтың түбірлі себептері мен жағдайларын зерттеу және жою, қылмыстық немесе басқа да заңнамаларды жетілдіру, құқық қорғау механизмін құру, қызметін қалыптастыру, тиімділігін арттыру, қылмыстықпен күресті жүзеге асыру үшін жалпы әлеуметтік және арнайы шараларды өңдеу және жүзеге асыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1.Лунеев В.В. Преступность XX века. Мировые, региональные и российские тенденции. – М., 2005.

2.Дюркгейм Э. Норма и патология // Социология преступности. – М., 1966.

УДК343.37

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ЖҮРГІЗУ ШАРАЛАРЫ БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ МІНДЕТ

Кәкімжан Мәдина Манатқызы

Madina...95@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультетінің 3 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – з.ғ.к. Ашимова Э.А.

«Ең бастысы – әрбір мемлекеттік құрылыстың жанындағы істі, лауазымды тұлғалар пайдаға батпайтындай етіп қою керек». Бұл пікірді антикалық дана Аристотель айтқан. Ол уақыттан бері екі мың жарымдай жыл өтті, бірақ ең зұлым әлеуметтік жауыздық – сыбайлас жемқорлықты құрту адамзаттың әлі де қолынан келмеді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі №267 заңының 2-бабы 1-тармағына сәйкес «мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдылық өкілеттілігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіліктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтарды алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы» сыбайлас жемқорлық деп ұғынылады [1].

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір біріне ұқсамайтын әлемдегі бар елдердің қай қайсысын да қатты алаңдатаныны анық.

Қазақстан Республикасында тәуелсіздік алған мезеттен бастап бұл аса ауыр қылмыстарға қатысты қатаң мемлекеттік саясат қалыптасты. Еліміз ТМД мемлекеттері арасында бірінші болып 1998 жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» арнайы заңын қабылдады. Кейіннен бұл саладағы ұлттық заңнаманы жетілдіру барысында

Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы, Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенцияларын және басқада жалпы жұрт таныған халықаралық актілерді ратификациялап, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бүкіләлемдік қоғамдастықтың тең мүшесіне айналды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бүкіләлемдік кеңістіктегі Қазақстанның көрсеткіштері жыл сайын жоғарылап келеді. Бұл проблемамен жан-жақты айналысып жүрген – Транспаренси Интернешнл қорының дерегіне сүйенсек, сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі бойынша Қазақстан 2008 жылы 170-тен астам елдің ішінде 145 орында болса, 2009 жылы 120 орынға, ал былтырғы жылы 105 орынға дейін көтерілді. Бұл индекс кәсіпкерлердің, сарапшылар мен зерттеу ұйымдарының мәліметтерін қорытындылай отырып, жыл сайын шығарылып отырады [2].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 361-бабына сәйкес, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның, не оған теңестірілген адамның өздерінің қызметтік өкілеттіктерін өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында қызмет мүдделеріне қайшы пайдалануы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіріп лауазымдық өкілеттілікті теріс пайдаланғаны үшін заңмен қудалау көзделген [3].

Осы заңның 367-бабына сәйкес, пара алу дегеніміз – мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға не оған теңестірілген адамға немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамға, не лауазымды адамға, сондай-ақ шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына жеке өзіне немесе делдал арқылы пара беруін айтамыз. Қоғамға қауіпті бұл іс-әрекет те қылмыстық жауапкершілікке тартылады [3,2].

Бүгінгі таңда бұл заңдар бірнеше жыл ішінде жоғары маңызға ие болып, мемлекеттік қызметшінің күнделікті пайдаланатын оқу құралына айналып отыр. Заңның ең басты құндылығы, ол азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіптен сақтауға, сондай-ақ жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, тыю және ашу жолында мемлекеттік органдардың қызметін қамтамасыз етуге бағытталған. Өз кезегінде барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар өз құзіреттері шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті [4].

Бағдарламалық құжаттар – «Қазақстан- 2050 Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» және «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауларында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті–Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев егемендік, еркіндік пен демократияға негізделген мемлекет пен қоғам құрылысының маңызды тарихи кезеңінің табысты аяқталғанын атап өтіп, Қазақстанның 2050 жылға дейінгі одан әрі дамуының стратегиялық бағытын айқындап берді [5].

Елбасы атап өткендей: «Мемлекет пен қоғам біртұтас майдан құрып жемқорлыққа қарсы шығуы тиіс. Жемқорлық – жай құқық бұзушылық емес, Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді сетінетеді және ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер болып табылады»[5,2].

Сонымен қатар, 2014 жылғы қарашадағы Елбасының «Нұрлы жол– болашаққа бастар жол» атты Жолдауында Қазақстанды жаңа әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудың экономикалық ресурстарын қолданды. Еліміздің Президенті жаңа экономикалық саясатты жүргізуді бақылауда қоғамдық қауымдастыққа үлкен сенім артып көп көңіл бөлді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі 2011-2015 жылдарға арналған салалық бағдарламада сыбайлас жемқорлыққа мейлінше жол берілетін салаларда оны ескерту және жолын кесу бойынша ұйымдастырушылық және заңнамалық сипаттағы кезең-кезеңге бөлінген шаралар көзделген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің институттық негіздерін

жетілдіру мақсатында 2014 жылдың тамыз айында екі агенттіктің базасында жаңа – Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі құрылып, оларға осы саладағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру бойынша ерекше міндеттер жүктелді. Осы іс-шаралардың бірқатары мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты анықтаудың маңызды құралы болып табылатын Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі комиссияның ұсынымдары бойынша жүзеге асырылды [6].

Комиссияның негізгі міндеттерінің бірі – сыбайлас жемқорлыққа және мемлекеттік қызметкерлердің қызмет этикасының ережелерін бұзуға қарсы күресті күшейтуге бағытталған келісілген шараларды тұжырымдау және қабылдау болып табылады. Ағымдағы жылдан бастап Комиссияның барлық мәжілістері орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшыларын, қоғамдық және бұқаралық ақпарат құралдарын тарта отырып интерактивті пішімде онлайн режимінде өткізіледі. Барлық мүдделі тараптардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өткір де жүйелі мәселелерін талқылауға қатысуы Комиссияға шынайы және пәрменді шешім қабылдауға мүмкіндік беретіні сөзсіз [6,2].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі №267 заңы.
2. Индекс восприятия коррупции Трансперенси Интернешнл // Электронды ресурс: <mailto:http://www.transparency.org/country>
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілде №226
4. Ерлік Кенебаев, «Жемқорлық - індет, жою - міндет». «Егемен Қазақстан» газеті, 11 қараша 2014 жыл. // Электронды ресурс: <http://egemen.kz/2014/11/11/42333>
5. Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы. // Электронды ресурс: <http://strategy2050.kz/ru/>
6. «Нұр Отан» партиясының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылдың 2015-2025 жылдарға арналған бағдарламасы. Егемен Қазақстан газеті // Электронды ресурс: <http://egemen.kz/2014/11/13/42575>

УДК 343.6

АДАМДЫ КЛОНДАУМЕН КҮРЕС ЖӨНІНДЕГІ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ СҰРАҚТАРЫ

Қайсанов Қанат Болатұлы

kana_94_vko@mail.ru

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің студенті, Семей, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Қаражанов М.Д.

Қылмыстық Кодекстің жаңа жобасындағы жаңалықтардың қатарында аталған бір мәселе – Денсаулық туралы кодекстің ережелерін ескере отырып, адамды клондағаны үшін қылмыстық жауапкершіліктің көзделуі табылады. Бүгінде жұтқан ауамыз бен ішкен асымыздың сапасыздығы салдарынан адамзат бұрын естіп-білмеген қорқынышты аурулар аландатып отырған қоғамымыздың Қылмыстық Кодексіне енді адамды клондауға қатысты бап енгізілді.

Жалпы қарапайым халыққа етене таныс емес клондау дегеніміз не, онымен кімдер айналысады деген сұрақтың басын қайыратын болсақ, Алла жаратқан адамның егізін немесе сыңарын медицинаның соңғы технологияларын пайдалана отырып қолдан жасауды клондау деп атайды. Әйел адамның аналық ұрығынан гендерін алып тастап, тапсырыс берген әйелдің